

БЕКІТІМІН:
«Алақай» МДҮ меңгерушісі
Р.Т. Арыкбаева

« 26 » 08 2021 жыл



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІҢ ҚҰЖАТТАРЫ

III бөлім. 3.1. Педагогикалық кеңестер

Педагогикалық кеңес №1

Тақырыбы: Жаңа оқу жылына ұйымдастырушылық және білім беру жұмыстарының үлгісін жасау.

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру.

Қыркүйек айы 2021 жыл

(акпараттық)

р/с	Педагогикалық кеңестің бағдарламасы	Өткізілу түрі уақыты	Уақыты	Жауапты
1	2021-2022 оқу жылына педагогикалық кеңестің жаға құрамын сайлау. Жаңа 2021-2022 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен бекітіп, таныстыру.	Мәлімдеме	Тамыз	Меңгеруші Психолог Тәрбиешілер
2	Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының қортындылары. Сабақ кестесін, ата-аналармен жұмыс жоспарын бекіту			
3	2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты талдау.			
4	Тәрбиешілердің лауазымдық міндеттерін орындау туралы			
5	Аттестациялау алқа құрамын бекіту			
6	Педагогикалық кеңестің шешімі			

Педагогикалық кеңес №2**Тақырыбы:** «Ел ертеңі –бүгінгі болашақ ұрпақ».**Мақсаты:** Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру.

Қазан айы 2021 жыл

р/с	Педагогикалық кеңестің бағдарламасы	Өткізілу түрі мен уақыты	Уақыты	Жауапты
1	№1 пед. кеңестің шешімін орындалуы	Мәлімдеме	Қараша	Меңгеруші
2	Білім беру салалары бойынша жұмыс жағдайы. (Ашық оқу қызметін топтарда ұйымдастыру)	Талдау		Тәрбиеші М.Омарова
3	«Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»	Кеңес		Тәрбиеші Г.Жайманова Медбике А.Суханова
4	«Ұжымдағы қарым-қатынас»	Тренинг		Психолог Г.Күмісбаева
	Педагогикалық аттестациялау бойынша құжаттар дайындау.			Тәрбиешілер
5	Педагогикалық кеңестің шешімі			

Педагогикалық кеңес №3**Тақырыбы:** Педагогтің сөйлеу мәдениеті

Қаңтар айы 2022 жыл

р/с	Педагогикалық кеңестің бағдарламасы	Өткізілу түрі	Уақыты	Жауапты
1	№2 пед. кеңестің шешімін орындалуы	Мәлімдеме	Қаңтар	Меңгеруші
2	Педагогтің сөйлеу мәдениеті	Кеңес		Тәрбиеші М.Омарова
3	I жартыжылдық қорытынды есептер	Мәлімдеме		Топ тәрбиешілері
4	Балалардың сырқаттану мониторингі	Есеп беру		Медбике А.Суханова
5	Мерекелік іс-шаралар	Талдау		Меңгеруші Р.Арықбаева
6	«Салт- дәстүрді сақтайық» сайысына дайындық	Түсіндірме		Тәрбиеші Г.Жайманова
7	Педагогикалық кеңестің шешімі			

Педагогикалық кеңес №4**Тақырыбы:** Қазыналық – халық ауыз әдебиеті.

Наурыз айы 2022 жыл

р/с	Педагогикалық кеңестің бағдарламасы	Өткізілу түрі	Уақыты	Жауапты
1	№3 пед. кеңестің шешімін орындалуы	Мәлімдеме	Наурыз	Меңгеруші Р.Арықбаева
2	Қазыналық – халық ауыз әдебиеті.	Баяндама		Тәрбиеші Г.Жайманова
3	Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»			Медбике Суханова А.Ө.
4	Мерекелік іс-шаралар	Талдау		Меңгеруші Р.Арықбаева
5	Психологиялық тренинг «Телефон»			Психолог Г.Күмісбаева
6	Педагогикалық кеңестің шешімі			

Педагогикалық кеңес №5**Тақырыбы:** Дені сау бала-дені сау ұрпақ .

Мамыр айы 2022 жыл

Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу

Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру

р/с	Педагогикалық кеңестің бағдарламасы	Өткізілу түрі	Уақыты	Жауапты
1	№4 пед. кеңестің шешімін орындалуы Жаздық жоспарды бекіту	Мәлімдеме	Мамыр	Меңгеруші Р.Арықбаева
2	Дені сау бала-дені сау ұрпақ Мерекелік іс шаралар	Қортынды		Медбике М.Суханова Тәрбиеші Г.Жайманова
3	Жыл бойы жүргізілген жұмыстары бойынша есеп	Есеп		Топ тәрбиешілері
4	Педагогикалық кеңестің шешімі			

Хаттамасы №1

«Алақай» бөбекжай-бақшасында педагогикалық кеңесінің кезекті отырысы болды.

Қатысқандар: 5
Қатыспағандар: 1

27.08.2021 ж

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылына педагогикалық кеңестің жаңа құрамын сайлау.
Жаңа 2021-2022 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен бекітіп, таныстыру.
2. Жазғы-сауықтыру шынықтыру жұмыстарының қорытындылары.
Сабак кестесін, ата-аналармен жұмыс жоспарын бекіту.
3. 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты талдау.
4. Тәрбиешілердің лауазымдық міндеттерін орындау туралы.
5. Аттестациялау алқа құрамын бекіту.
6. Педагогикалық кеңестің шешімі.

Тыңдалды:

1. Бөбекжай меңгерушісі Р Арықбаева : «Құрметті әріптестер, баршаңызды жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Жұмыста толағай табыстар тілеймін. Баршаңызға белгілі кен таралған індет-еліміз үшін аса қауіпті болып отыр. Санитарлық –эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, ауызбіршілікпен ұжымдаса жұмыс жасауға шақырамын. Жаңа құрамын сайлау барысында педагогикалық кеңестің төрайымы өзім, хатшысы Күмісбаева Гүлжанар қайтадан сайланды. Бірауыздан барлығымыз келісеміз. Жазғы сауықтыру – шынықтыру жоспарлары қортындыланды. Талданып, өткізілген шаралары салынды. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау басты назарда. Жаңа оқу жылына дайындық, топтарда жөндеу жұмысының жүргізілуі т.б мәселесіне тоқталды. 2021-2022 оқу жылына арналған бөбекжайдың жұмыс жоспары бекітіліп, таныстырылды. Мазмұны мен мақсатын атап өтіп, бекітті. Жаңа әдістемелік нұсқау хатпен таныстырылып, тәрбиешілермен бірге талданды. Биылғы өзгерістерге байланысты тәрбиешілерге негізгі міндеттерін бөліп берді. Аттестация құрамдары да өзгеріссіз қалдырылды. Биылғы жылға тестке баратын педагогтарға өтініш беруге және е-портфолио бойынша жұмыстар жүргізілуі қажет екені міндеттеліп айтылды. Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелерімен таныстырылды. Әдеп қағидаларын сақтау педагогтардың басты міндеті болып саналады. Әдеп туралы заңмен тағы да таныстырылып, талқыланды.

Шығып сөйлеушілер:

2. Бөбекжай тәрбиешісі – Омарова Манат: Құрметті әріптестер, сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын. «Жұлдыз» тобында 25 бала бар. Тобымыздағы тәрбиеленушілер күн тәртібіне бейімделген. Биылғы жаңа әдістемелік нұсқау хатпен таныстым. Оқу тәрбие процесінің жылдық жоспары әр жастың топтары мен бағдарламаны орындау негізінде және педагогикалық процесті бақылаудан тұрады. Осы істерді қолға алып, жоспарға сай жұмыстар атқарылады.

3. Бөбекжай медбикесі – Суханова Моншақ. Барша әріптестерімді жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Сәтті күндеріміз көп болсын. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, бетперде мен жүруді қатаң ескертемін. Тәнертен қызметкерлер мен

балалардың дене қызуы өлшеніп қабылданады. Әр он күн сайын ас мәзірі әзірленіп, бекітіледі. Тамақтың құрамын өзгертіп, түрлендіріп отыру басты назарда. Сонымен қатар балалардың гигиеналық-санитарлық талаптарға сай қол жуу, тазалық сақтау, бөлмелерді желдету, хлормен жуу қызметкерлерге таныстырылып, бөлмелерге ілінді. Балалардың денсаулығы басты назарда ұсталады.

4. Бөбекжай тәрбиешісі – Тұрымбетова Жұлдыз : 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты танысып шықтық. Нұсқау хатты басшылыққа ала отырып, перспективалық жоспарларды жасап бекітеміз. Нұсқау хатты негізге ала отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартымен, оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен және үлгілік оқу жоспарларын негізге ала отырып жасалды.

5. Тәрбиеші Байұзаққызы Айдана : Жаңа оқу жылында сәттілік тілеймін. Аттестация құрамы бекітілді. Биыл тест тапсыруға екі педагог өтініш беріп отыр. Психолог Күмісбаева Гүлжанар мен тәрбиеші Омарова Манатка сәттілік тілеймін.

Қаулы етеді:

1. Жаңа 2021-2022 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, таныстырылсын.
2. Жазғы-сауықтыру шынықтыру жұмыстарының қорытындылансын. Сабақ кестесін, ата-аналармен жұмыс жоспарын бекітіліп басты назарда ұсталып, жолға қойылсын.
3. 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат талданып, таныстырылсын.
4. Тәрбиешілердің лауазымдық міндеттерімен таныстырылып, орындалсын.
5. Аттестациялау алқа құрамын бекітілсін.

Менгеруші кеңес төрағасы:

Хатшысы:



Handwritten signature of R. Arymbaeva

Р Арықбаева

Г Күмісбаева

«Алақай» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында педагогикалық кеңесінің отырысы болды.

ХАТТАМА № 2

Қатысқандар: 6
Қатыспағандар: 1

16.11.2021 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы
2. Білім беру салалары бойынша жұмыс жағдайы (ашық оқу қызметін топтарда ұйымдастыру) – тәрбиеші М.Омарова
3. «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» - медбике А.Суханова
4. «Ұжымдағы қарым-қатынас» тренингі – психолог Г.Күмісбаева
5. Педагогикалық аттестациялау бойынша құжаттар дайындау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бөбекжай меңгерушісі Р Арықбаева : «Құрметті әріптестер, біз бүгін санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, кезекті педагогикалық кеңесімізді өткіземіз. Өткен кеңестің шешімі орындалды деп ойлаймын. Биылғы жылға оқу жоспары құрылып, ашық оқу қызметтері жасалды. Барлық ашық қаралымдар уақытында өткізіліп тұрады. Рухани жаңғыру бойынша, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында құрылған іс шаралар атқарылып жатыр. Мақсаты: балаларға Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, патриоттық тәрбиеге, адамгершілік қасиеттерді сіңіру. Сонымен қатар балабақша мен отбасы арасында байланысты нығайтуда онлайн түрде көрме өткізілді. Ағымдағы мәселелер бойынша жоспарға байланысты іс-қағаздарды жинақтау, бала денсаулығына байланысты таза ауада көбірек ойнату, серуендету керектігі жайында айтып өтті.

Барлық талаптар сақталған. Тәрбиешілер бетперде киіп, антисептик қолдануды тағы да қатаң ескеретемін. Бізге балалардың аман сау болғаны маңызды. Жиі жиі бөлме желдетіліп, балалардың дене қызулары өлшеніп отырады.

ШЫҒЫП СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1. Тәрбиеші – Омарова Манат: Құрметті әріптестер, қайырлы күн. Барлықтарыңызға сәттілік тілеймін. «Жұлдыз тобында» ашық оқу қызметтері құрылды, және жоспар бойынша жүргізіліп жатыр. Қыркүйек айында Ж Тұрымбетованың «Менің сүйікті ойыншықтарым» атты ашық қаралымы өтті. Балалар арасында арақашықтық сақталды. Балалардың тілін, ой-өрісін дамытуда әр бала өзінің жақсы көретін ойыншықтары жайлы әңгімелеп берді. Сергіту сәті орындалып, тақпақтар айтылды. Қазан айында Омарова Манаттың «Күз кереметтері» атты балаларға күз мезгілінің ерекшеліктері, күз айында болатын табиғат құбылыстар, жеміс жидектер жайлы мәлімет берілді. Күзгі жапырақтардан көп нәрсе жасауға болатыны түсіндірілді. Тақпақтар айтылып, «Алтын күз» әні орындалды.

2. Бөбекжай медбикесі – Суханова А: «Барша әріптестерімді жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Сәтті күндеріміз көп болсын. Санитарлық эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, бетперде мен жүруді қатаң ескертемін. Баланы қабылдас бұрын дене қызуы өлшеніп қабылданады. Тамақтың құрамын өзгертіп, түрлендіріп отыру басты назарда. Сонымен қатар

балалардың гигиеналық-санитарлық талаптарға сай қол жуу, тазалық сақтау міндетіміз. Балалардың денсаулығы басты назарда. Қазіргі таңда өздеріңізге белгілі салқын түссе болды, тұмау ауруы пайда болады. Осы күні балалар арасында өте кең таралып жатыр. Өлсіреу, тоңу, қалшылдау, мұрын бітуі мұның бәрі алғашқы тұмаудың белгілері. Сондықтан балаларды барынша жылы киіндіріп, дәрі-дәрмектен гөрі құнарлы тамақтар мен жемістер жеуге кеңес беремін. Қолды жиі жиі жуып, беторамалды әлсін әлсін ауыстырып тұру қажет.»

3. Тәрбиеші Жайманова Г: Бізге бала өмірі мен денсаулығы маңызды. Санитарлық эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, бетперде мен жүруді қатаң ескертемін. Белгілі бір арақашықтық сақталып балаларға ашық оқу қызметтері өткізілуде. Балаларға медбике суреттермен, сақтық шаралары туралы сағаттар өткізілсе, Тазалық жайында, вирус жайында тақырыптар қозғалып, өткізілсе.

4. Бөбекжай психологі Күмісбаева Г. Ж: «Құрметті әріптестер бүгінгі «Ұжымдағы қарым-қатынас» атты тренингке қош келдіңіздер. Мақсаты: ұжым арасында татулық, бірліктің сақталуы, өз ойыңызбен бөлісу, достық шынайы қарым-қатынас орнату. Тренинг алты бөлімнен тұрады. Сондықтан көңіл-күйді көтеру үшін бәріңізді қатысуға шақырамын.

Келесі мәселе бойынша аттестациялау қорытындысында 2 педагог тестке өтініш білдіріп қатысты. Психолог Күмісбаева Г мен тәрбиеші Омарова М. Біреуі тесттен педагог-модератор санатына өтті. Құттықтаймыз. Ендігі мәселе электронды түрде жасалатын мұғалімдердің е-портфолиосы жасақталуы тиіс. Салынатын барлық құжаттар сканерленіп салынуы қажет. Осы қараша айында салынып болуларыңызды сұраймын.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Білім беру салалары бойынша жұмыс жағдайы өткізілсін (ашық оқу қызметін топтарда ұйымдастыру)
2. «Балабақшадабаланың дені сау болу үшін не көмектеседі? баяндамасы есепке алынсын»
3. «Ұжымдағы қарым-қатынас» тренинг өткізілсін
4. Педагогикалық аттестациялау бойынша құжаттар дайындалсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшысы:



Р Арықбаева
Г Күмісбаева

«Алақай» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында педагогикалық кеңесінің кезекті отырысы болды.

ХАТТАМА №3

Қатысқандар: 6
Қатыспағандар: 1

12.01.2022 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Педагогтің сөйлеу мәдениеті (кеңес) тәрбиеші М Омарова
3. I жартыжылдықтың қорытынды есептері.
(ересек пен кіші топ бойынша) Тәрбиеші Г Жайманова, Тұрымбетова Ж
4. Балалардың сырқаттану мониторингі. медбике Суханова А
(есеп беру)
5. Мерекелік іс-шараларды талдау. Менгеруші

Тыңдалды:

1.Бөбекжай меңгерушісі Р Арықбаева: «Құрметті әріптестер, баршаңызды келіп жеткен жаңа барыс жылымен құттықтаймын. Жаңа жылда жаңа табыс, бақыт әкелсін. Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.» Ұжымда ауызбіршілік пен татулық сақталса екен деймін. Санитарлық –эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, педагогикалық кеңестің кезекті отырысын бастаймыз.

Шығып сөйлеушілер:

1. Омарова Манат-тәрбиеші: «Баршамызға жаңа 2022 жыл құтты болсын. Барыс жылы табысты жыл болсын. Педагогтің сөйлеу мәдениетіне келетін болсақ, балаға тәрбиеші қатты сөйлемей керек, анық, нақты, мәнерлі интонациямен сөйлей білу керек. Педагогтің сөйлеу мәдениетінің компоненттері:

- күнделікті өмірде сөздерді сауатты айту,
- сөздерде екпінді дұрыс қойып қолдану»
- сөздік қоры
- Темпі,паузалаар
- сөйлеу бейнесі

Тәрбиешінің сөйлеу мәдениетінен баланың сөйлеу мәдениеті байланысты. Осыны ескере отырып, тәрбиеші өзі тәрбиелеп отырған балалардың ана тілін жетік білу үшін, өз тілін үздіксіз жетілдіруді өзінің кәсіби міндеті деп санауы тиіс.

2. Тәрбиешілер: Тұрымбетова Ж, Жайманова Г «Жұлдыз тобында 25 бала қабылданды, қыркүйектен бері қарай өткізілген іс –шараларға келсек «Білім күнімен», тәрбие сағаты, «Достық алаңы» «Берекелі алтын күз» «Ана тілім-мақтанышым» «Жемістер жыр» «Ойыншықтар әлемі» «Көңіл-күйіңді тап» «Математика әлемінде» «Елін сүйген-Елбасы» «Жақсы мен жаман» «Алақай, қыс келді» «Жаңа жыл, жарылқа» атты көптеген ертеңгіліктер өткізіліп жатыр. Мақсаты: балалардың ойлау, қабылдау дағдыларын жетілдіру, дүниетанымын кеңейту, адамгершілікке тәрбиелеу, жақсы жаман

әдеттерді айыра білуге шақыру. Елбасы, Тәуелсіздік күніне ата-аналармен бірлескен көрме дайындалды. Балалар өз тапқатарын арнап елбасы жөнінде мәліметтер алды. Балалардың сүйікті мейрамы Жаңа жыл мерекесін санитарлық талаптарды сақтай отырып тек әр топта өткізілді. Аяз атамен бірге би билеп көңілді тарады. II жарты жылдықты бұйырса жаңа жылдан бастап жаңа іс-шаралармен бастаймыз.

3.Медбике Суханова А «Құрметті әріптестер жаңа жылда басталып отырған педагогикалық кеңес. Бұл жылда біз үшін ауыр жыл болды, сонда сақтық шараларын сақтап денсаулығымызға көңіл бөлейік. Жұлдыз тобында 25 бала қабылданды, басында біраз бала қатысты, қазір қыс мезгілі сондықтан жұқпалы ауру мен ангина, тонзиллит ауруы өршіп тұр.

Қауіпті топқа тіркелген бала жоқ, бала дамуына мониторинг жүргізу және алдын-алу ұсыныс кеңестері яғни ата-аналарға баланың даму барысында әрі қарай не болатынын және әрі қарайғы даму қадамдарына септесуде ата-аналар қандай рөл атқаратынын түсінуге көмектесу.

Осының барлығы бала мен ата-ана үшін таныс ортада жасаған дұрыс. Бөбекжай қызметкерлеріне бетпердемен жүруге кеңес беремін. Бала денсаулығы бәрімізге ортақ мәселе.»

5.Меңгеруші: Р Арықбаева : «Мерекелік іс-шараларға келетін болсақ балалармен жаппай өткізілетін шаралардың анықтамасы, талдау парағы мен дәлелді суреттері қоса салынды, және болашақта да солай жалғасады деп ойлаймын алда әлі біраз атқарылатын жұмыстар бар.»

Қаулы етеді:

1. №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалсын
2. Педагогтің сөйлеу мәдениеті (кеңес) есепке алынсын
3. I жартыжылдықтың қорытынды есептері қабылданын.
(ересек пен кіші топ бойынша)
4. Балалардың сырқаттану мониторингі ескерілсін.
(есеп беру)
5. Мерекелік іс-шараларды талданып, уақытында жинақталып отырылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшысы:



Р Арықбаева

Г Күмісбаева

**«Алақай» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында
Педагогикалық кеңесінің кезекті отырысы болды**

ХАТТАМА №4

Қатысқандар: 6
Қатыспағандар: 1

11.03.2022ж

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы
2. Қазыналық-халық ауыз әдебиеті. Тәрбиеші Жайманова Г
3. Кеңес. «Балабақшада баланың дені сау болып өсу үшін не көмектеседі?»
Медбике: Суханова А.
4. Мерекелік іс-шараларға талдау. Менгеруші.
5. Психологиялық тренинг «Телефон» Психолог: Күмісбаева Г
6. Педагогикалық кеңестің шешімі.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Бөбекжай менгерушісі : Арықбаева Райса «Құрметті әріптестер кезекті педагогикалық отырысымызды бастаймыз» Көктем келді, сырттың жұмыстарына да атсалысамыз. Ауланы абаттандырып, жаңа жас бұтақтар отырғызып, көшеттер отырғызамыз. Сондықтан ауланы, жан-жағымызды жинастырып, тазалық жұмыстарын алдағы уақытта да жалғастырамыз.

2. Тәрбиеші: Жайманова Г: «Халық ауыз әдебиеті – талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай, асыл қазына, халық шежіресі, онан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз. Халқымыздың батырлық, ерлік тарихын көреміз. Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, батырлық жырлар, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы-мақал-мәтелдер, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ жаңылтпаштар-бәрі де балабақшада кеңінен пайдаланатын дүниелер. Бүлдіршіндердің ой-өрісін дамытуға, қиялын шарықтатып тіл байлығын дамытуға ауыз әдебиет үлгілері-ертегілер, жаңылтпаштар, жұмбақтардың тигізетін пайдасы ұшан теңіз»

3. Медбике Суханова А: «Денсаулық адам бақытының негізгі бөлігі Тән саулығы-жан саулығы, баланың жан-жақты дамуы тәрбие түрлерінің нақты үлесіне байланысты. Ал дене тәрбиесі баланың бойына тәндік және рухани жетілудің өзара байланысын қалыптастыруға әсер етеді. Әрі баланың денесін шынықтыру-оны болашақ өмірге дайындаудың бір жолы.»

4. Мерекелік шараларға келетін болсақ ойдағыдай санитарлық эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, өткен наурыз мейрамын ауызбіршілікпен өткіздік. Наурыз көже асылып, балалар арасында ұлттық ойындар ойнатылды. Салт-дәстүрден үзінді келтірілді. 1 сәуір Күлкі күніне Алдар көсе мен Сайқымазақ келіп балалар мез болды.

5. Психолог: Күмісбаева Г: «Құрметті әріптестер сіздерді көргеніме қуаныштымын Бүгінгі тренинг-сабақ тақырыбы «Мен өмірді сүйемін тренингі. Әрбір адам-өмірге келген қонақ. Өмір те мәнді, мағыналы, мазмұнды өтуі өзімізге байланысты»» «Өмір жаттығуы тактадағы өмір сөзіне ассоциация жасай отырып, жек-жек талдау. Өмір өзен, Өмір-мейірім, Өмір-рахат. Келесі жаттығу телефон деп аталады. Ойыншылар бірінің артынан бірі кезекке тұрып, бірінші адамға жаңылтпашты сыбырлап айтып жеткізу керек. Ойын жалғаса береді.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Педагогикалық кеңестің шешімі орындалсын.
2. Тәрбиеші Жайманова Гүлзираның «Қазыналық-халық ауыз әдебиеті» атты баяндамасы есепке алынсын.
3. Медбике: Суханова Ақмоншактың «Балабақшада баланың денінің сау болып өсу үшін не көмектеседі?» атты кеңесі бекітіліп есепке алынсын.
4. Мерекелік іс-шаралар уақытында талдансын.
5. Психолог: Күмісбаева Гүлжанардың «Телефон» психологиялық тренингі бекітілсін.
6. Педагогикалық кеңестің шешімі орындалсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Арықбаева Р.

Күмісбаева Г

ХАТТАМА №5

«Алақай» бөбекжай-бақшасында педагогикалық кеңесінің отырысы болды.

Қатысқандар: 5
Қатыспағандар: 2

23.05.2022 ж

Күн тәртібінде:

1. №4 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы
Жаздық жоспарды бекіту (медбике мен тәрбиешілер)
2. «Дені сау бала-дені сау ұрпақ» жыл бойы жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды есеп
Медбике: Суханова А
3. Мерекелік іс –шаралар бойынша қорытынды есеп (ересек топ бойынша)
Тәрбиеші: Жайманова Г
4. Жыл бойы жүргізілген жұмыстар бойынша есеп (кіші топ бойынша)
Тәрбиеші: Тұрымбетова Ж
5. Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы

Тыңдалды:

1.Бөбекжай меңгерушісі Р Арыкбаева : «Құрметті әріптестер , сіздерді оқу жылының аяқталуымен құттықтаймын. Тағы да бір оқу жылын сәтті аяқтап, кезекті еңбек демалысына кеткелі тұрмыз. Алдағы жазғы жоспарды бекітіп, балаларға денелерін шынықтыру- сауықтыру жұмыстарын жүргізу. Мақсатымыз балаларға жаз мезгілінің , спорт әртүрлі жаттығулардың адам денесіне пайдалы екенін түсіндіру, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Денелерін шынықтыру, күннің маңызы жайында айтып кету.

Шығып сөйлеушілер:

2.Медбике: Суханова А « Құрметті әріптестер, қайырлы күн. Барлықтарыңызға сәттілік тілеймін. Демалыста демалып, пайдалы ем алып тынығып қайтуларыңызға тілектеспін.Өрине дені сау бала дені сау ұрпақ демекші бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Еңбек,және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға ,олардың сергек,шат,көңілді белсенді болуларына мүмкіндік тудырады. Бала ағзасының қызметін жетілдіру,кабілетін арттыру ең басты міндетіміз.Бала денсаулығы жақсы шыныққан , көңіл-күйінің жоғары, ынталы болуы үлкендерге , яғни ата-ана,тәрбиешіге, қоршаған ортаға байланысты. Балалар тамақтануын ұйымдастырушылар,баланың үйде пайдалы тамақтануымен үйлесім табуы керек.Өздігімен тамақтануға үйретілмеген балаларды тамақтандыру үшін тәрбиешілерге, дұрыс тамақтандыру жөнінде кеңестер беріледі.»

3.Тәрбиеші: Жайманова Г «Барлықтарыңызға қайырлы күн. Апта жағымды жаңалықтармен басталсын.Өткен жылды қорытындылай келе «Алтын күз », «Жемістер жыры » Рухани аясында «Тәуелсіздік мерекесі «Елін сүйген Елбасы» Жаңа жылдық мерекелік іс шаралар өткізілді. Ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерді насихаттау мақсатында «Қош келдің ,Наурыз» Сәуір айында «Күлкі жанның шипасы» «Жеңіс жыры» т.б. шаралары өткізілді. Қорытындылай келе балаларға түрлі деңгейде тапсырмалар беріліп, ақыл-ой мен сана сезімдері қалыптасты.

4.Тәрбиеші: Тұрымбетова Ж «Балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқу жоспары құрылып,оқу қызметтері өткізіліп отырды. «Ұстаз ұлы есім», «Дос болайық бәріміз,» «Ойыншықтар әлемі», «Пішіндер әлемі», «Қыс кереметтері», «Су- тіршілік көзі», Денсаулық күніне байланысты «Денсаулық зор байлық » атты ата-аналармен сайыс,«Бағдаршам және біз», Төтенше жағдайларға байланысты «Өрт –тілсіз жау» тақырыбында бұрыш жасакталды. «Армысың әз Наурыз» т.б. «Мамандықтың бәрі жақсы» тәрбие сағаттары мен мерекелік іс-шаралар өтті. Бала жылына байланысты «театр әлемінде» қойылым сабақтар өтті.

Қаулы етеді:

1. №5 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалсын
Жаздық жоспарды бекітілсін (медбике мен тәрбиешілер)
2. «Дені сау бала-дені сау ұрпақ» жыл бойы жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды есебі бекітілсін
Медбике: Суханова А
3. Мерекелік іс –шаралар бойынша қорытынды есеп (ересек топ бойынша) қорытындыланып бекітілсін
Тәрбиеші: Жайманова Г
4. Жыл бойы жүргізілген жұмыстар бойынша есеп (кіші топ бойынша) қорытындыланып бекітілсін.
Тәрбиеші: Тұрымбетова Ж

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшысы:



Р Арықбаева
Г Күмісбаева





Педагогикалық кеңестің №3 отырысы

